

Қазақстанның фонд за март 2018

1.	94 А-39	<p>Алаш қозғалысы және оның Жетісулық кайраткерлері = Движение Алаш и его Жетысуйские деятели : Құжаттар мен материалдар жинағы / Құрастырушылар; А.М. Каипжанова (жауап. құраст.); "Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі. "Алматы облысының мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. - Алматы, 2017. - 145 с. - Мәтін қазақ, орыс тілінде. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-7333-22-5 : 145т.00т.</p> <p>Бұл басылымға Алматы облысының мемлекеттік архивінің жеке қор иесі көрнекті ғалым, Алаш тарихының білгірі Кеңес Нұрпейістің Алаш қозғалысының тарихы мен оған қатысқан зиялылардың репрессияға ұшырауы және олардың ақталғанға дейінгі тағдыры туралы жазған еңбектері мен баспасөзде жарияланған зерттеу мақалалары және Жетісу облыстық Алаш Кеңесінің архив құжаттары мен Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған тарихшы ғалымдардың мақалалары жинақталып отыр. Құжаттар мен материалдар негізінен жарық көріп отырған жинақ ғылыми орта мен тарихшыларға, оқырмандарға арналған.</p>
2.	821.512.122.092 А-88	<p>Аспантаудың ақиығы : Естеліктер / Құрастырып, түсініктерін жазған Ерлан Мұқай. - Алматы, 2018. - 176 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-06-4764-0 : 176т.00т.</p> <p>Құрметті оқырман! Қолдарыңыздағы кітап көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баққожа Мұқайдың өмірі мен шығармашылығына арналған ұжымдық жинақ. Мұндағы естеліктер мен мақалалар авторлары ардақты азаматты жақсы білетін әдебиет ақсақалдары мен замандастары және кейінгі толқын інілері. Басылым жазушының өмірі мен шығармашылығына қызығатын көпшілік оқырман қауымға арналған.</p>
3.	1 Қ-17	<p>Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Т.5 : Тәуелсіз Қазақстан философиясы / ҚР БҒМ ҒК, Философия, саясаттану және дінтану ин-ты. - Алматы, 2017. - 344 б. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-304-015-8. - ISBN 978-601-304-085-1 : 343т.00т.</p>

		<p>Қазақ философиясының тарихы бойынша іргелі бес томдық академиялық зерттеудің бесінші томы Қазақстанның тәуелсіздік дәуірінің философиясына арналған. Еңбекте тәуелсіздік құбылысының тарихи философиялық аспектілері ғылыми зерттеліп, XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI басында қалыптасқан қазақстандық философиялық мектептің ой-тұжырымдары зерделенеді.</p>
4.	821.512.122 О-65	<p>Оразалин, Нұрлан. Көкжал дәуір : Таңдамалы жырлар / Оразалин, Нұрлан. - Алматы : Ан Арыс, 2017. - 344 б. - Мәтін қазақ, орыс тілдерінде. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7828-87-5 : 344т.00т.</p> <p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалиннің «Көкжал дәуір» — «Время волчица» деп аталатын қазақ және орыс тілдеріндегі жаңа таңдамалы жыр жинағына соңғы ширек ғасыр ішінде жарық көрген «Адамзатқа аманат», «Ғасырмен қоштасу», «Құралайдың салқыны», «Аспантаудан ауған құз», «Тәңірмен тілдесу» сияқты бес жыр жинағынан аударылған өлеңдер енгізілді. Көрнекті қазақ ақынының 70 жасқа толған мерейтойына орай жарық көріп отырған бұл жинаққа өзіндік поэтикалық балама ретіндегі 70 өлең қазақ және орыс тілдерінде беріліп отыр. Нұрлан Оразалиннің «Зеленый огонь» атты орыс тіліндегі тұңғыш жинағына жазған алғы сөзінде ақын Олжас Сүлейменов: «Менің ойымша оның поэзиясында ұлттық ғажап жыр дәстүрлері Батыс пен Шығыстың асқақ поэтикалық мектебімен сәтті астасып жатады. Осы тоғыс оның көптеген тәржімаларына әсем рең береді, аудармашылары автордың жарқын образдарын киналмай игере алады» деген еді. Көне түркі дәуірін бейнелейтін далалық тотемдік бейне ретінде алынған «Көкжал дәуір» атауы кітапқа тегіннен-тегін берілген жоқ. Бүгінгі заманның да қатыгездігі мен қауіптілігі күн тәртібінен түспей тұрған тұста адамзат қауымының адамгершілік сияқты асыл қасиеті ғана әлемді құтқаруға тиіс.</p>
5.	821.512.122 О-65	<p>Оразалин, Нұрлан. Сөзтұмар / Оразалин, Нұрлан; Жауапты ред.: Қызжібек Бәкір. - Алматы : Ан Арыс, 2017. - 328 б. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7828-86-8 : 328т.00т.</p> <p>Аталмыш кітап көрнекті қазақ ақыны, ұлт көркем</p>

		<p>ойынын қазіргі кезеңдегі беделді өкілі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы, Нұрлан ОРАЗАЛИННИҢ әр жылдарда жарық көрген төл туынды-ларынан, мақалалары мен эссе-сөздерінен, сұхбаттарынан алынған үзінділер негізінде құрастырылды. Автордың уақыт, заман, қоғам, адам, жалпы адамзат туралы айтқан ой толғамдары, қанатты сөздері оқырман жүрегіне жол табады деген сенімдеміз.</p>
--	--	---